

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 24 ақпандағы N 72

1996 жылғы 9 шілдеде Киевте қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция

(1997 жылғы 7 сәуірде күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция жасасуға ниет білдіре отырып және өзара экономикалық қарым-қатынастарды дамытып, нығайтуға өздерінің ұмтылысын қуаттап, мынаған келісті:

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция салықтарды алу әдістеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органдары алатын табыс салықтарына қолданылады.

2. Жылжымалы және жылжымайтын мүлікті шеттетуден алынған табыстарға салынатын салықтарды және кәсіпорындар төлейтін жалақы мен еңбек ақының жалпы

мөлшерінен алынатын салықтарды қоса табыстың жалпы сомасынан яки табыстың жеке элементтерінен алынатын барлық салықтар табыс салықтары болып есептеледі.

3. Осы Конвенция қолданылатын, қазір алынып жүрген салықтар, атап айтқанда,
мыналар болып табылады:

а) Қазақстан Республикасында:

(i) заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;
(бұдан әрі "Қазақстан салығы" деп аталады);

б) Украинада:

(i) кәсіпорындардың пайдасына салынатын салық;

(ii) азаматтардан алынатын табыс салығы;

(бұдан әрі "Украина салығы" деп аталады).

4. Осы Конвенция сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі осы Конвенцияға қол қойылған күннен бастап осы Уағдаласушы Мемлекетте қолданылып жүрген салықтарға немесе солардың орнына қосымша алатын бірдей немесе іс жүзінде ұқсас кез келген салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің салық заңдарына енгізілетін кез-келген елеулі өзгерістер жайында бір-бірін хабардар етіп отырады.

3-бап

Жалпы айқындамалар

1. Егер контекстен басқадай мағына тумайтын болса, осы Конвенция пайымдауда:

а) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді. Географиялық мағынасында қолданғанда "Қазақстан" термині халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттар үшін егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын және Қазақстан салықтарын реттейтін заңдар қолданылатын аумақтық суларды, сондай-ақ айрықша экономикалық аймақ пен континенталдық шельфті білдіреді;

б) "Украина" термині географиялық мағынасында қолданғанда халықаралық құқыққа сәйкес теңіз түбіне, жер қойнаулары мен олардың табиғи ресурстарына қатысты Украинаның құқықтары қолданыла алатын шекті аумақ ретінде айқындалған немесе бұдан әрі айқындалуы мүмкін Украинаның аумағын, оның континенталдық шельфі мен айрықша (теңіз) экономикалық аймағын, сондай-ақ Украинаның аумақтық суларынан тыс жерлердегі қандай да болсын басқа аумақты білдіреді;

в) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығын алған кез-келген жеке тұлғаны;

(ii) өзінің осындай мәртебесін Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдары бойынша алған кез-келген заңды тұлғаны серіктестік пен кез-келген ассоциацияны білдіреді;

г) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері

контексте байланысты Қазақстанды немесе Украинаны білдіреді;

д) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және адамдардың кез-келген басқа да бірлестігін білдіреді;

е) "компания" термині салық салу мақсатында корпоративтік бірлестік ретінде қарастырылатын кез-келген корпоративтік бірлестікті, атап айтқанда, акционерлік қоғамды, жауапкершілігі шектеулі қоғамды немесе кез-келген басқа да шаруашылық серіктестігін яки кез-келген ұйымды білдіреді;

ж) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекеттік кәсіпорны" терминдері тиісінше бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорында және басқа Уағдаласушы Мемлекеттік резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

з) "халықаралық тасымал" термині теңіз, өзен, әуе кемесі немесе жолмен жүретін көлік құралы тек қана басқа Уағдаласушы Мемлекеттің пункттері арасында пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз, өзен, әуе кемесімен немесе жолмен жүретін көлік құралымен жасалатын кез-келген тасымалды білдіреді;

и) "құзыретті орган" термині:

(I) Қазақстанға қатысты қолданғанда - Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін;

(II) Украинаға қатысты қолданғанда - Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенция кез-келген уақытта қолданғанда Конвенцияда айқындалмаған қандай да болсын термин, егер контекстен басқадай мағына тумаса, Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы Мемлекеттің заңдары бойынша оған қандай мағына берілсе, сондай мағынаға ие болады.

4-бап

Резидент

1. Осы Конвенцияны қолданғанда "бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Мемлекеттің заңдары бойынша тұрғылықты жері, тұрақты болатын орны, басқару органының орналасқан жері, құрылу орны немесе осындай басқа да белгісі негізінде салық салынуға тиіс тұлғаны білдіреді.

Термин сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің үкіметін, оның саяси-әкімшілік бөлімшесін немесе жергілікті өкімет органын және осы үкімет, саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе өкімет орган құрған яки басқаратын кез-келген мекемені қамтиды. Ол сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған және әдетте осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылған кез-келген ұйымды қамтиды.

Солай бола тұрса да бұл термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа

байланысты ғана осы Мемлекетте салық салынуға тиіс тұлғаны қамтымайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болған жағдайда оның мәртебесі мынадай ережелерге сәйкес айқындалады:

а) ол тұрақты баспанасы орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі. Егер оны Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол барынша тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Уағдаласушы Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінде де тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

в) егер ол әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып отырған Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

г) егер ол Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де азаматы болса немесе біреуінің де азаматы болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мұндай тұлғаға салық салу туралы мәселені өзара келісе отырып шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға болып табылмайтын адам Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, ол өзінің нақты басшы органы орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі. Егер нақты басшы орган орналасқан орынды анықтау мүмкін болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені өзара келісе отырып шешуге барлық күш-жігерлерін жұмсайтын болады. Келісімге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда мұндай тұлға осы Конвенцияның артықшылықтарын алу мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің де резиденті болып саналмайды.

5-бап

Тұрақты өкілдік (мекеме)

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты өкілдік (мекеме)" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметпен толық немесе ішінара айналысатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты өкілдік" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

а) басқару орны;

б) бөлімше;

в) кеңсе;

г) фабрика;

д) ш е б е р х а н а ;

е) шахта, мұнай немесе газ скважинасы, кеніш немесе табиғи ресурстар өндірілетін басқа да кез-келген орын;

ж) қойма немесе тауарларды одан әрі өткізу мақсатында жеткеру үшін пайдаланылатын басқа да ғимарат.

3. "Тұрақты өкілдік" термині, сондай-ақ мыналарды қамтиды:

а) құрылыс алаңы немесе құрылыс, монтаждау яки құрастыру объектісі немесе осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтер, егер мұндай алаң немесе объект 12 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрған болса ғана немесе мұндай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы көрсетілген болса ғана;

б) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғы яки құрылыс немесе осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтер немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысы немесе кеме, егер осылай пайдалану 6 айдан астам уақытқа созылса ғана немесе мұндай қызметтер 6 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе ғана;

в) қызмет көрсету, соның ішінде резидент осындай мақсаттар үшін жалдаған қызметшілер немесе басқа да қызметкерлер арқылы резиденттер көрсететін консультациялық қызметтер, егер осындай сипаттағы қызмет (осындай немесе соған байланысты жоба үшін) ел шеңберінде 6 айдан астам уақыт бойы созылса ғана.

4. Осы баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан "тұрақты өкілдік" термині мыналарды қамтымайды:

а) ғимараттарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалану;

б) осы кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана ұстау;

в) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын өзге кәсіпорынның ұқсату мақсаттар үшін ғана ұстау;

г) тұрақты қызмет орнын тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін ғана немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстау;

д) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметпен айналысу мақсаттары үшін ғана ұстау;

е) тұрақты қызмет орнының а) тармақшасынан е) тармақшасына дейін санамалап көрсетілген амал нәтижесінде туындаған жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын қызмет түрлерінің кез келген осындай амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстау.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер осы баптың 6-тармағында айтылған тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорын атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан келісім шарттар жасауға өкілеттігі болса және оны әдетте пайдаланып жүрсе немесе кәсіпорынға тиесілі

тауарлар мен бұйымдар қорын сақтап отырса, олардан кәсіпорын атынан одан әрі өткізу мақсатында осы тауарлар мен бұйымдар ұдайы жіберіліп тұрса, онда бұл кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын үшін қолға алған кез-келген қызметке қатысты осы мемлекетте тұрақты өкілдігі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады, осындай тұлғаның қызметі 4-тармақта көрсетілген, тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылған күннің өзінде осы тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты өкілдікке айналдырмайтын қызметпен шектелетін жағдай бұған қосылмайды.

6. Кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін Уағдаласушы Мемлекетте делдал, комиссиянер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез-келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет еткен жағдайда, сол Мемлекетте тұрақты өкілдігі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы яки осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысуы (не тұрақты өкілдік арқылы немесе басқалай жолмен) фактісінің өзі-ақ осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты өкілдігіне айналдырмайды.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табысқа (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алған табысқа) осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині осы мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Бұл термин кез-келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықтарды, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық қорларды, кен көздерін мен басқа да табиғи ресурстарды игеру үшін немесе игеру құқығы үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе келісілген төлемдерге арналған құқықтарды қамтуы тиіс. Теңіз, өзен, әуе кемелері немесе жолмен жүретін көлік құралдары жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері сондай-ақ жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез-келген басқа жолмен пайдаланудан алынған табыстарға да қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері сондай-ақ кәсіпорындардың жылжымайтын мүлкінен алынатын табыстарға және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табыстарға да қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты өкілдік арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса немесе айналыспаған болса, осындай кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда көрсетілгендей кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе айналысқан болса, кәсіпорынның пайдасына басқа Мемлекетте, бірақ м ы н а л а р ғ а :

а) осындай тұрақты өкілдікке;

б) осы кәсіпорынның тұрақты өкілдік арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға сәйкес келетін немесе ұқсас тауарларды не бұйымдарды осы басқа Мемлекетте с а т у ы н а ; немесе

в) нақ осы кәсіпорын осы басқа Мемлекетте айналысатын, өзінің сипаты жағынан осындай тұрақты өкілдік арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сәйкес келетін немесе ұқсас кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігіне ғана салық салынады.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты өкілдік арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе айналысқан болса, онда осы тұрақты өкілдік нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын дербес және бөлек кәсіпорын болып, өзі тұрақты өкілдігі болып табылатын кәсіпорыннан мүлдем дербес әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осындай тұрақты өкілдікке жатқызылады.

3. Тұрақты өкілдіктің пайдасын айқындау кезінде тұтас алғанда тұрақты өкілдік орналасқан Мемлекетте де, кез-келген басқа жерде де жұмсалған басқару және жалпы әкімшілік шығындарын ұтымды бөлуді қоса тұрақты өкілдіктің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды шегеріп тастауға болады. Кез-келген жағдайда мұндай шығындар патенттерді немесе басқа да құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, сыйақы немесе басқа да осындай төлемдер ретінде немесе көрсеткен айрықша қызметтері яки басқарғаны үшін комиссиялық ақы ретінде немесе, банктерді қоспағанда, кәсіпорынның тұрақты өкілдікке берген займы үшін проценттер түрінде кәсіпорынға тұрақты өкілдік төлейтін (шын мәнінде жұмсалған шығындарды өтеуден басқа) кез-келген соманы қамтымауға тиіс.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты өкілдікке қатысты пайданы кәсіпорынның жалпы жиынтық пайдасын оның әртүрлі бөлімшелері бойынша тепе-тең бөлу негізінде айқындау әдеттегі іс болса, осы баптың 2-тармағында еш нәрсе де Уағдаласушы Мемлекетке салық салынатын пайданы осындай әдетте қолданылып жүрген бөлу арқылы айқындауға тыйым салмайды, таңдап алынған бөлу әдісі осы баптағы қағидаттарға сай келетін нәтиже беруі тиіс.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің құзыретті органының қолындағы ақпарат немесе ол осы баптың 3 және 4-тармақтарына сәйкес жеңіл ала алатын ақпарат тұрақты өкілдіктің пайдасын немесе шығындарын айқындау үшін жеткіліксіз болса, пайда осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңдарына сәйкес есептелуі мүмкін.

6. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарларды немесе бұйымдарды жай ғана сатып алуы негізінде осы тұрақты мекемеге ешқандай пайда есептелмейді.

7. Егер тек өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себеп болмаса ғана осының алдындағы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты өкілдікке қатысты пайда жылма-жыл біркелкі тәсілмен айқындалады.

8. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында жеке қарастырылатын табыс түрлерін қамтитын болса, ол баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

8-бап

Халықаралық көлік

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті теңіз, өзен, әуе кемелерін немесе жолмен жүретін көлік құралдарын халықаралық тасымалда пайдаланудан алған пайдаға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін теңіз, өзен, әуе кемелерін немесе жолмен жүретін көлік құралдарын халықаралық тасымалда пайдаланудан алынған пайда мыналарды:

а) босаған, теңіз, өзен әуе кемелерін немесе жолмен жүретін көлік құралдарын жалға беруден алынған табысты;

б) тауарлар мен бұйымдарды тасымалдау үшін пайдаланылатын контейнерлерді (соның ішінде трейлерлерді және контейнерлер тасымалдауға арналған ілеспе жабдықтарды) пайдаланудан, ұстаудан немесе жалға беруден алынған пайданы; мұндай жалдау немесе мұндай пайдалану, ұстау яки жалдау, жағдайға қарай, теңіз, өзен, әуе кемесін немесе жолмен жүретін көлік құралын халықаралық тасымалда пайдалануға қатысты жанама болғанда қамтиды.

3. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы баптың 1-тармағына сәйкес пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе халықаралық тасымал агенттігіне қатысудан пайда алса, осы резидентке қатысты пайдаға ол резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынатын болады.

9-бап

Ассоциацияланған кәсіпорындар

1 . Е г е р :

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса , немесе

б) белгілі бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса және әрбір жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық және қаржы қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда солардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез-келген пайданы Уағдаласушы Мемлекет осы кәсіпорынның табысына қосып, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер бір Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны осы басқа Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет кәсіпорнының табысына қосып, тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда бірінші аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, егер екі кәсіпорынның арасындағы қатынастар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағы қатынастардай болса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасауы мүмкін. Осындай түзетулерді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері қаралуға тиіс, ал Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен ақылдасып отырады.

10-бап

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның осы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. Алайда осындай дивидендтерге дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтер алушы оның нақты иесі болса, осылай а л ы н а т ы н с а л ы қ :

а) егер компанияның дивидендтерге нақты құқығы болса және осы компания дивидендтер төлейтін компания капиталының ең кемі 25 процентін иеленіп отырса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 процентінен;

б) басқа жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспауы т и і с .

Бұл тармақ дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қ о з ғ а м а й д ы .

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланылғанда акциялардан немесе пайданы бөлетін компания резиденті болып табылатын Мемлекеттің салық заңдарына сәйкес акциялардан алынатын нақ сондай салық салуға жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табыс секілді, пайдаға қатысу құқығын беретін борыш

талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер дивидендтерге нақты құқығы бар тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты өкілдік арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты өкілдікке немесе тұрақты базаға қатысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті болып табылатын компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған жағдайда осы басқа Мемлекет, мұндай дивидендтер осы басқа Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты өкілдікке немесе тұрақты базаға қатысты болатын жағдайда қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерге қандай да болсын салық сала алмайды.

6. Осы Конвенцияда ешнәрсе Уағдаласушы Мемлекетке басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының бірінші аталған Мемлекеттегі тұрақты өкілдікке қатысты таза пайдасына осы Мемлекеттің кәсіпорнының пайдасына есептелетін салыққа қосымша, бұл қосымша салық осындай таза пайда сомасының 5 процентінен аспайтын жағдайда, салық салуға кедергі келтіретіндей болып пайымдала алмайды. Осы тармақтың мақсаттары үшін таза пайда одан мыналарды:

а) тұрақты өкілдік орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте алынатын барлық салықтарды (қосымша салықтан өзгелерін); және

б) а) тармақшасында айтылған салықтарды шегеріп тастағаннан кейін қалған таза пайданың 50 процентіне тең соманы шегеріп тастағаннан кейін осы Конвенцияның 7-бабында айтылған қағидаттар бойынша айқындалады.

Украина осындай салықты енгізген соң осы тармақтың б) тармақшасының ережесі қолданылмайтын болады.

11-бап

Проценттер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге, егер мұндай резиденттің осы проценттерге нақты құқығы болса, осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай проценттерге сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер проценттер алушының оған нақты құқығы болса, алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс. Уағдаласушы Мемлекеттердің

құзыретті органдары бұл шектеуді қолдану тәсілін өзара келісім бойынша белгілейді.

3. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланылған кезде ипотекалық қамтамасыз етуге және борышкерлердің пайдасына қатысу құқығын иеленуге қарамастан кез-келген түрдегі борыш талаптарынан алынатын табысты және, атап айтқанда, үкіметтің бағалы қағаздарынан алынатын табыс пен облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты, соның ішінде осы бағалы қағаздар, облигациялар яки борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйақылар мен наградаларды білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің нақты иесі проценттер пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты өкілдік арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және проценттер төлеуге негіз болып отырған борыш талабы шын мәнінде осындай тұрақты өкілдікке немесе тұрақты базаға қатысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай осы Конвенцияның 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер проценттер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің өзі, оның саяси-әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органдары немесе осы Мемлекеттік резиденті болса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты өкілдігі немесе тұрақты базасы болса, проценттер төленетін қарыз соларға байланысты пайда болса және осы проценттерді тұрақты өкілдік немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер тұрақты өкілдік немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

6. Егер проценттер төлеуші мен оған нақты құқығы бар адам арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын үшінші тұлғаның арасындағы арнайы қатынастар болуына байланысты борыштық талапқа қатысты және соның негізінде төленетін проценттердің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанды проценттер төлеуші мен оған нақты құқығы бар адам арасында келісіле алатындай сомадан қандай да болсын себепке байланысты асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін мұқият ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес бұрынғысынша салық салынады.

7. Егер проценттер төленетін борыш талабының туындауына немесе тапсырылуына байланысты бар қандай да болсын тұлғаның басты мақсаты немесе басты мақсаттарының бірі осы туындау немесе тапсыру арқылы осы баптың артықшылықтарын алу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

8. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын проценттер, егер оларды басқа Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі,

оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы немесе осы Үкімет, оның саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы құрған не басқарып отырған кез-келген агенттік алса және шын мәнінде соларға тиесілі болса, осы Мемлекетте салық салудан босатылуы тиіс.

12-бап

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге, егер бұл резидент осы роялтидің нақты иесі болса, осы басқа Мемлекетке салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ осылайша айқындалатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аса алмайды.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылғанда әдеби шығармаларға, өнер және ғылым шығармаларына (соның ішінде радио хабарларын тарату немесе теледидар үшін пайдаланылатын кинофильмдерге, кез-келген фильмдерге немесе таспаларға), кез-келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға яки процеске берілген кез-келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық яки ғылыми тәжірибені пайдаланғаны үшін немесе соларға қатысты ақпарат (ноу-хау) үшін сыйақы ретінде алынған төлемдердің кез-келген түрін және өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны яки пайдалану құқығын бергені үшін төленетін төлемдерді білдіреді.

4. Егер роялтидің нақты иесі бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты өкілдік арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өздеріне қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты өкілдікпен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай осы Конвенцияның 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандайда болсын үшінші тұлғаның арасындағы айрықша қатынастарға байланысты өзі негізге алынып төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан қандай да болсын себептерге байланысты асып кетсе, осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігінде осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере

отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес бұрынғысынша салық салынды.

6. Егер өзіне қатысты роялти төленетін құқықты жасауға немесе беруге байланысы бар кез-келген тұлғаның басты мақсаты немесе басты мақсаттарының бірі осындай құқықтарды жасау немесе беру арқылы осы баптан артықшылықтар алу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

7. Егер роялти төлеуші Мемлекеттің өзі, оның саяси-әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органдары немесе осы Мемлекеттің резиденті болса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте туындаған болып есептеледі. Алайда, егер роялти төлейтін тұлға ол Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табыла ма, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты өкілдігі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты роялти төлеу міндеттемесі туындаса және мұндай роялтиді тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлесе, онда мұндай роялти тұрақты өкілдік немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

13-бап

Мүлікті шеттетуден алынатын табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті, осы Конвенцияның 6-бабында айқындалғандай, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті шеттетуден алатын табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті:

а) құнын немесе құнының едәуір бөлігін басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымалы мүліктен тікелей немесе жанама түрде алып отырған акцияларды, немесе

б) мүлкі негізінен басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымалы мүліктен немесе, жоғарыда а) тармақшасында айқындалғандай, акциялардан тұратын серіктестіктегі яки трастағы үлесті шеттетуден алынатын табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты өкілдігінің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұдайы қолы жетерлік тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алынған табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты өкілдікті (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынған осындай табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз, өзен, әуе кемелерін яки жолмен жүретін көлік құралдарын немесе осындай теңіз,

өзен, әуе кемелерін яки жолмен жүретін көлік құралдарын пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алынған табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. Осы баптың 1, 2, 3 және 4-тармақтарында сөз етілген өзге де кез-келген мүлікті шеттетуден алынған табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

14-бап

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіби қызметтер немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметтер көрсетуден алған табысқа, оның осы қызметті жүргізу мақсаттары үшін басқа Уағдаласушы Мемлекетте өзінің тұрақты қолы жетерлік тұрақты базасы болатын жағдайды қоспағанда, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер оның мұндай базасы бар болса немесе болған болса, табысқа басқа Мемлекетте, бірақ осы тұрақты базаға қатысты табысқа ғана салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіби қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, көркемөнер, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, адвокаттардың, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз жеке қызметін қамтиды.

15-бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. Осы Конвенцияның 16, 18 және 19-баптарының ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жолданып істеген жұмысына байланысты алатын жалақыға және басқа осындай сыйақыларға, егер тек жалданып істейтін жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылмаса, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша жүзеге асырылса, осыған байланысты алынған сыйақыларға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, егер:

а) сыйақы алушы кез-келген үзіліссіз 12 айлық кезең ішінде жалпы ұзақтығы 183 күннен аспайтын кезеңде немесе кезеңдер бойы осы басқа Мемлекетте жүрсе; және

б) сыйақының басқа Мемлекеттік резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе ол жалдаушының атынан төленсе; және

в) сыйақыларды төлеу жөніндегі шығындарды жалдаушының басқа Мемлекеттегі тұрақты өкілдігі немесе тұрақты базасы көтеріп алмаса, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте жалданып істеген жұмысына байланысты алатын сыйақыға тек бірінші аталған Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы баптың бұның алдындағы ережелеріне қарамастан халықаралық

тасымалдарда пайдаланылатын теңіз, өзен, әуе кемесінің немесе жолмен жүретін көлік құралының үстінде жалданып істейтін жұмысқа байланысты алынған сыйақыға теңіз, өзен, әуе кемесін немесе жолмен жүретін көлік құралын пайдаланатын кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап

Директорлық сыйақы

Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті директорлар кеңесінің немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның осындай органының мүшесі ретінде алатын директорлар сыйақылары мен басқа да осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Артистер мен спортшылар

1. Осы Конвенцияның 14 және 15-баптарының ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер секілді өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алатын табысына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының өзінің осы сипатында жүзеге асыратын жеке қызметіне қатысты табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа осы Конвенцияның 7, 14 және 15-баптарының ережелеріне қарамастан өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асыратын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер артистің немесе спортшының қызметі едәуір дәрежеде қандай да бір Мемлекеттің қоғамдық қорлары есебінен қаржыландырылса немесе бұл қызмет Уағдаласушы Мемлекеттер арасында жасалған мәдени ынтымақтастық туралы келісім негізінде жүзеге асырылса, осы бапта көрсетілген табыс осы қызмет жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

18-бап

Зейнетақылар

1. Осы Конвенцияның 19-бабының 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрынғы жұмысына қатысты төленетін зейнетақылар мен басқа да осындай сыйақыларға және осы резидентке төленетін қандай да болсын ренталарға осы төлемдер аударылатын Мемлекетте ғана салық салынуы тиіс.

2. "Рента" термині баламалы және толық өтемақы үшін ақшалай қайтарым төлемдерін төлеу міндеттемесі бойынша бүкіл өмір бойы немесе белгілі бір яки белгіленген уақыт кезеңінде жеке тұлғаға белгіленген уақытта жүйелі түрде төленіп тұратын белгіленген соманы білдіреді.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы қандай да болсын жеке тұлғаға осы Мемлекет, саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы үшін жүзеге асыратын қызметі үшін төлейтін зейнетақыдан өзге сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Осы тармақтың а) тармақшасының ережелеріне қарамастан, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке т ұ л ғ а :

(I) осы Мемлекеттің азаматы болса; немесе

(II) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаса, осындай сыйақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы жеке тұлғаға төлейтін немесе олар құрған қорлардан осы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы үшін жүзеге асыратын қызметі үшін төленетін кез-келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте ғана с а л ы қ с а л ы н а д ы .

б) Егер жеке тұлға басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті немесе азаматы болса , осы тармақтың а) тармақшасының ережелеріне қарамастан мұндай зейнетақыға тек о с ы н д а ғ а н а с а л ы қ с а л ы н а д ы .

3. Осы Конвенцияның 15, 16 және 18-баптарының ережелері Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесінің яки жергілікті өкімет органының кәсіпкерлік қызметті жүргізуіне байланысты жүзеге асырылатын қызметке қатысты сыйақыларға қолданылады.

20-бап

Студенттер

Уағдаласушы Мемлекеттің біріне келердің нақ алдында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болған немесе болып табылатын және бірінші аталған Мемлекетте тек оқу немесе білім алу мақсатында ғана тұрып жатқан студент немесе стажер алатын және тұруға, оқуға және білім алуға арналған төлемдерге, егер мұндай төлемдердің көздері осы Мемлекеттен тыс жерлерде болса, бірінші аталған Мемлекетте салық салынбайды.

21-бап

Басқа да табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Конвенцияның бұның алдындағы баптарында айтылмаған табыс түрлеріне, олардың пайда болу көздеріне қарамастан, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Егер осы Конвенцияның 6-бабының 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табыстарды алушы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты өкілдік арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса және осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты база арқылы тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және табыс алуға негіз болған құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты өкілдікпен немесе тұрақты базамен байланысты болса, мұндай табыстарға осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай осы Конвенцияның 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

22-бап

Қосарланған салық салуды жою

Уағдаласушы Мемлекеттер заңдарының ережелеріне сәйкес қосарланған салық салуды жою былай жүзеге асырылады:

а) Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс тапса, бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекет осы резиденттің табысына салынатын салықтан басқа Уағдаласушы Мемлекетте төленген табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға рұқсат етеді. Жоғарыда келтірілген ережелерге сәйкес есептелетін салықтың мөлшері Уағдаласушы Мемлекетте қолданылып жүрген ставкалар бойынша осындай табысқа есептелуі мүмкін салықтан аспауы тиіс.

б) Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті тапқан табыс осы Конвенцияның қандай да болсын ережесіне сәйкес осы Мемлекетте салық салудан босатылған болса, осы Мемлекет соған қарамастан осы резидент табысының қалған бөлігіне салынатын салық сомасын есептеу кезінде осындай табысқа салынатын салық ставкасын белгілеу мақсаттары үшін салықтан босатылған табысты назарда ұстауы мүмкін.

23-бап

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық

салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайтын болады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар нақ осындай жағдайларда осы Мемлекеттің азаматтары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты кез-келген салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында да ұшырамайтын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты өкілдікке салық салу осы басқа Мемлекетте нақ осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорнына салық салудан қолайсыздау болмауға тиіс.

4. Осы Конвенцияның 9-бабының 1-тармағының, 11-бабының 6-тармағының, 12-бабының 5-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаттары үшін бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне олар қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда есептелетін болады.

5. Мүлкі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар тікелей не жанама түрде бақылап отырған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан яки онымен байланысты міндеттемеден өзгеше яки анағұрлым ауыртпалықты қандай да болсын салық салуға немесе онымен байланысты міндеттемеге бірінші аталған Мемлекетте ұшырамайтын болады.

6. Осы баптың бірде-бір ережесі қандай да болсын Уағдаласушы Мемлекеттің осы Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын тұлғаға салық салу мақсаттары үшін резидент болып табылатын тұлғаларға берілетін қандай да бір жеке жеңілдіктер беретін міндеті ретінде пайымдалмайтын болады.

24-бап

Өзара келісіп алу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ұлттық заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе, егер оның жағдайы осы Конвенцияның 24-бабының

1-тармағының қолданылу аясына жататын болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарының қарауы үшін бере алады. Арыз осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар жеткізілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол шағымды орынды деп есептесе және өзі қанағаттанарлық шешім қабылдауға қабілетсіз болса, осы Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Кез-келген қол жеткізілген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қандай да бір уақыт шектеулеріне қарамастан орындалуға тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мұның алдындағы тармақтарды түсініп алуға қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез-келген қиындықтарды немесе күмәндерді өзара келісім бойынша шешуге ұмтылатын болады.

25-бап

Ақпарат алысу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңдарының салық салу осы Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты ережелерін орындау үшін қажетті ақпарат алысып тұрады. Ақпарат алысу осы Конвенцияның 1-бабымен шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекет алған кез-келген ақпарат құпия ақпарат ретінде қарастырылады және осы Конвенция қолданылатын салықтарды бағалаумен немесе оларды алумен, күшпен өндіріп алумен немесе сот арқылы қудалаумен яки шағымдарды қараумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға ғана (соның ішінде соттар мен әкімшілік органдарына) хабарланатын болады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе заңды шешімдер қабылдаған кезде аша алады.

2. Ешқандай жағдайда осы баптың 1-тармағының ережелері Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің құзыретті органдарын:

а) Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдануға;

б) Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің заңдары бойынша немесе әдеттегі басқару барысында алуға болмайтын ақпарат беруге;

в) қандай да болсын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік

құпияны не сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы белгіленген практикаға қайшы келетіндей ақпарат беруге міндеттейтіндей болып пайымдалмайтын болады.

26-бап

Дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен консулдық қызметкерлер

Осы Конвенцияда ешнәрсе дипломатиялық өкілдіктердің мүшелеріне немесе консулдық қызметкерлерге халықаралық құқықтың жалпы нормалары бойынша немесе арнаулы келісімдер негізінде берілген салық артықшылықтарын қозғамайтын болады.

27-бап

Күшіне енуі

Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысы ішкі заңдарына сәйкес осы Конвенцияның күшіне енуінің қажетті рәсімі аяқталғаны жайында дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін хабардар етеді. Осы Конвенция осындай соңғы хабарлама берілген күні күшіне енеді және оның ережелері:

(I) Конвенция күшіне енген күннен кейінгі алпысыншы күнге немесе алпыс күннен кейін жүзеге асырылған кез-келген төлемдер үшін табыс көзінен алынатын салықтарға қ а т ы с т ы ;

(II) Конвенция күшіне енген күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан немесе содан кейін басталатын салық салынатын кезеңдер үшін басқа да салықтарға қатысты қолданылатын болады.

28-бап

Қолданылу күшін тоқтату

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның күшін тоқтатпайынша күшінде қала береді. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет Конвенция күшіне енген күннен бес жыл өткен соң басталатын кез-келген күнтізбелік жылдың аяқталуынан кемінде алты ай бұрын қолданылу күшін тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы хабарлай отырып Конвенцияның күшін тоқтата алады. Мұндай жағдайда Конвенцияның қолданылу күші хабарлама берілген жылдан кейін келетін күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарында тоқтатылады.

Осыны куәландыру ретінде өздерінің Үкіметтері тиісті дәрежеде өкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Киев қаласында 1996 жылғы шілде айының 9 күні екі дана етіп қазақ, украин және орыс тілдерінде жасалды, барлық мәтіндер бірдей.

Осы Конвенцияның ережелерін пайымдауда келіспеушілік туа қалған жағдайда орысша мәтін басым болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Украинаның

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК